

Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылатын жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1	«Оқуға құштар мектеп» көрмесін ұйымдастыру	қыркүйек	кітапханашылар
2	«Жасайбер, ана тілім қазақ тілім» көрме	қыркүйек	кітапханашылар
3	«Кітап оқып рухани бай болайық» дөңгелек стол	қыркүйек	кітапханашылар
4	Ұлы даланың ұлы тұлғалары	қыркүйек	кітапханашылар
5	1-сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат сұхбат	қазан	1-сынып мұғалімдері кітапханашылар
6	«25-қазан Республика күні» көрме	қазан	кітапханашылар
7	«Қазақстандағы патриотизмды дамытуда» кітапхананың рөлі баяндама	қазан 10-11 сынып	кітапханашылар
8	«Кел балалар, оқылық» тақырыбында кішкентай оқырмандарға мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту мақсатында балалар әдебиетін ұсыну	қазан 1-2 сынып	кітапханашылар
9	Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты	қазан күзгі демалыс 4-6 сыныптар	кітапханашылар
10	Каникулда кітап оқимыз марафоны	қазан 2-11 сыныптар	кітапханашылар
11	Сыныптың үздік оқырманы	4-11 сыныптар	кітапханашылар сынып жетекшілер

12	Китоб тафаккур қаноти	қараша	кітапханашылар
13	Ыбырай әңгімелері презентация байқауы 8-сыныптар	қараша	кітапханашылар
14	Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштарын күру	желтоқсан	кітапханашылар сынып жетекшілер
15	«Менің сүйікті ертегілерім»сурет сайысы	желтоқсан 1-4сыныптар	кітапханашылар сынып жетекшілері
16	«М.Әуезов-қазақ әдебиетінің тарланы» атты оқырмандар конференциясы (6-сыныптар)	желтоқсан	кітапханашылар
17	"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "бір сынып, бір кітап"	жыл бойы	кітапханашылар сынып жетекшілер
18	BOOKCROSSING бойынша 8-9 сыныптар арасында «Абайдың қара сөздерін» талқылау	қантар	кітапханашылар пән мұғалімдері
19	Мұғалімдер арасында Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай поэзияларынан үзінділер оқуын ұйымдастыру.	ақпан	кітапханашылар
21	14-Ақпан –Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы ұйымдастыру	ақпан	кітапханашылар
20	Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Жырлайды жүрек»тақырыбында әдеби кеш	ақпан	кітапханашылар мектеп мұғалымдері
21	«Қазақтың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын насихаттау»тақырыбында көрме ұйымдастыру	наурыз	кітапханашылар
22	«Білікті мұғалім –заман талабы» тақырыбында мұғалімдер арасында әдеби кітаптарды талқылау	наурыз	кітапханашылар мұғалімдер
23	А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 8-сыныптар арасында әдеби кеш	сәуір	кітапханашылар

<b>24</b>	Мектепшілік өткізілген іс –шараларды баспа беттеріне және әлеуметтік желілерге жариялау	мамыр	кітапханашылар
<b>25</b>	Оқырмандарды үнемі марапаттап отыру.	үнемі	кітапханашылар

Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде  
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып, бір кітап»  
іс-шарасының жоспары

№	Іс-шараның атауы	Уақыты	Жауапты
1	1-сыныптар аудио ертегілер (әр сынып әр түрлі ертегі оқуы тиіс)	3-14.10.2022	Ш.Ирискулова Сынып жетекшілер
2	2-сыныптар хайуанаттар туралы ертегілер (әр түрлі ертегілер оқуы тиіс)	17-26.10.2022	З.Абдумавланова Сынып жетекшілер
3	3-сыныптар шығармалар оқу (әр түрлі шығармалар оқуы тиіс)	7-15.11.2022	С.Омарова Сынып жетекшілер
4	Мақал – мәтелдер (әр түрлі мақал – мәтелдер болу керек) 4- сыныптар арасында мақал – мәтелдерді жатқа айтып, мағынасын ашу	17-24.11.2022	Ш.Нуритдинова Сынып жетекшілер
5	5 -сыныптар қиял – ғажайып ертегілерді оқу (әр түрлі ертегілер оқуы тиіс)	05-15.12.2022	Ф.Каримова Сынып жетекшілер
6	6 -сыныптар батырлар жырын оқу (әр түрлі батырлар жырын оқуы тиіс)	19-23.12.2022	Ш.Пайсханова Сынып жетекшілер
7	7 -сыныптар Абайдың қара сөздері (әр сыныпта әр түрлі қара сөз болу керек) Абайдың қара сөздерін жатқа айтып, мағынасын ашу	12-20.01.2023	Н.Юлдашева Сынып жетекшілер
8	8 –а,ә сыныптар Дулат Исабековтың «Әпке» 8 -б,в Роза Мұқанова «Мәңгі бала бейнесі» 8- г,д Мұхтар Әуезов «Көксерек»әдеби кітаптарды талқылау	6-14.02.2023	Ш.Турсунбаева Сынып жетекшілер
9	9- а,ә Біржан – Сара айтысы 9- б,в Махамбеттің өлеңдері 9- г,д Батыр – баян М.Жұмабаев 9 -е Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы»	15-23.02.2023	С.Бабажанова Сынып жетекшілер
10	10- а,б Сәбит Мұхановтың «Ботакөз» 10 -в,г Ғабиден Мұстафин «Ұлпан»	01-9.03.2023	Н.Мараева Сынып жетекшілер
11	11-а Ильяс Есенберлин «Қаһар» 11-б Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдаты» 11-в Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы»	13-17.2023	Л.Ташметова Сынып жетекшілер

Дайындаған  
Мектеп кітапханашылары

Мектеп оқушысының кітап оқу іс-әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ. Кітап оқу-білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен 4-сынып оқушылары арасында «Ең үздік оқырман» байқауы өткізілді. Мектеп кітапханашылары И.Ниязметова, М.Бухаровалар бастауыш сынып оқушыларына «Кітап - ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» тақырыбында ең сүйікті кітаптарының қысқаша мазмұнын айта отырып, кітап оқуға шақырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар өздерін қызықтырған кітаптарын оқып, қысқаша мазмұнын айтып, сұрақтарға жауап берді. Байқау қорытындысы бойынша «Ең үздік оқырман» номинациясымен 4-«Ә» сынып оқушысы Атабек Асадуллаев иеленді, қалған оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Құттықтаймыз! Қуанышты күндеріңіз көп болсын балақайлар!

## “ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП” жобасы



«Оқуға қуштар мектеп» жобасы аясында Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде 4-сынып оқушыларымен «Бір сынып, бір кітап» атты іс-шара ұйымдастырылды. Оқушылар өздеріне ұнаған көркем әдебиетті оқып, әр шығарма бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді. Мұндай іс-шаралар жыл бойы өз жалғасын табады.



Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай «Мәңгілік елдің – Мәңгілік тілі» тақырыбында оқырмандар конференциясы болып өтті. Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың тіл ғылымына қосқан үлесі, еңбектері жайында оқушылар көптеген мәліметтермен бөлісті. «Даналық ойдан дән ізде» айдарында тіл туралы даналық сөздердің мағынасын ұғынып, өз көзқарастарын ұштастыра білді. Жас оқырмандардың бойынан білімге, кітап оқуға деген қызығушылықтан бөлек мемлекеттік тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті байқадық.



Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу - рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», - деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Осы орайда Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінде кітапханашылар И.Ниязметова, М.Бухаровалардың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұсынылған 30 кітапты түрлі жанрда оқу, талқылау, сахналық қойылым көрсету бойынша пән бірлестіктері арасында іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты: оқырмандардың құзыреттілігін дамытып, көркем шығармаларды жаңғыртуға және ұжыммен кітап оқып, талқылау, бос уақыттырында кітап оқуды жандандыру. Іс-шараға барлық пән бірлестігінің мүшелері белсене қатысты. Барлық қатысушылар мадақтамамен марапатталды. Бұл іс-шара алдағы уақытта өз жалғасын табады деген үміттеміз

